

ӘОЖ 070

Қ.Н. Мысаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: misayeva-kn@mail.ru

**Ғылыми журналистикада тақырып таңдау және
ақпарат көздерін анықтау мәселелері**

Аңдатпа. Мақала авторы ғылыми журналистиканы оқытудың әдіс-тәсілдері мен ғылыми тақырыпта материал жинақтаудың ерекшеліктері және ақпарат көздерін табу жолдарын қарастырады. Басқа тақырыптармен салыстырғанда ғылыми жаңалықтарды аудиторияға жеткізу күрделі. Кез келген жаңа ғылыми жаңалықты оқырманға жеткізу үшін, ең алдымен, ақпарат көзінің сенімділігі және ғылыми нәтиженің қоғамға кері ықпалының болмауын ескеру қажет. Сондықтан ғылыми-танымдық тақырыпта жазатын журналистер үшін тақырып таңдау және ақпарат көзін анықтау маңызды.

Түйін сөздер: ғылыми журналистика, ғылыми нәтиже, ғылыми ақпараттар, ғылыми ақпарат көздері, ғалым, ғылыми-танымдық жарияланымдар.

Ақпарат ғасырының журналистикаға қояр басты талаптарының бірі – салалық журналистиканы дамыту. Өкінішке орай, қазақ журналистикасында әлі де тереңдете оқытуды қажет ететін салалар баршылық. Соның бірі – ғылым тақырыбына сауатты жазатын ғылыми журналист даярлау.

Ғылым тақырыбына қалам сілтейтін журналистің ақпарат алуда екі варианты бар, алғашқысы, ақпаратты өзі келеді деп күту, екіншісі, өз бетімен іздену. Егер алғашқы вариант бойынша ақпаратты дайын баспасөз хабарламаларынан аламын десеңіз, әрине, сізде жақсы таңдау болуы мүмкін, алайда сіздің жазған ақпаратыңыздың басқа да ақпарат құралдарына берілген жаңалықтан айырмашылығы жоқ. Сондықтан оқиғаны өзіндік ерекшелікпен беру үлкен жұмысты талап етеді, бірақ егер ерекше эксклюзивті ақпарат тапсаңыз сәтті шығуы мүмкін. Бұл, әсіресе дамушы елдердің журналистері үшін өз елінде болып жатқан ғылыми жаңалықтарға зерттеу жүргізудің ең тиімді жолы болып табылуы мүмкін. Сонымен қатар егер журналист осы тақырыпта алғаш рет ақпарат беріп отырған болса, өзгелерде жоқ оқиғаны, жаңалықты ұсыну өте жақсы идея. Ол журналисті соншалықты керемет танымал етпейі

мүмкін, дегенмен жұмысты алғаш бастауға қолайлы.

Ең алдымен, жақсы ақпарат көздері қандай болуы мүмкін деген сауал төңірегінде ой өрбітсек.

Ғылым тарихындағы жаңалықтардың идеясы әртүрлі ақпарат көздерінен алынуы мүмкін, сондықтан журналист пайдаланатын әрбір ақпарат көзі алынған ресурстарға соның ішінде интернет ресурстарына қол жетімділікке тікелей байланысты. Негізгі ақпарат көзі ол ақпаратты алғаш жария еткен тұлға болып есептеледі, яғни ол зерттеуші ғалым немесе жүргізілген зерттеуге тікелей қатысушы, емделуші болуы мүмкін. Оқиғаға тікелей қатысушы болған жайтты толық суреттеп, өзіндік есебін береді. Екінші ақпарат көзі – журналист пен бірінші ақпарат көзі арасындағы электрондық немесе басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүргізілетін байланыс болып табылады. Сондай-ақ бұл тек журналистер үшін ғана емес, ол ғылым тарихы үшін де маңызды ақпарат көзі болуы мүмкін. Негізгі ақпарат көздері:

- ғалымдарға арналған ғылыми-танымдық жарияланымдар; бұл саясаткерлерге, қарапайым халыққа және журналистерге, басқа да тұтынушыларға арналған;

- Ғалымдармен және басқа да ғылыми сарапшылармен алынған тікелей сұқбат.

- Баспасөз-конференциялары.

Қосымша ақпарат көздері:

- Басқа да бұқаралық ақпарат құралдары.

- Баспасөз хабарламалары.

- Электрондық бюллетеньдер.

- Пікірталас форумдары.

- Ғылыми ұйымдар мен компаниялардың сайттары.

- Жарияланымдар, мысалы, ғылыми-зерттеу жұмыстарының алғашқы нәтижелері.

Журналист ақпарат көзін таңдау барысында оқиғаның түрлеріне байланысты таңдау жасауы мүмкін.

Күнделікті өмірден туындайтын идеялардың ғылыми жаңалықтар үшін маңызы зор. Ғылыми тақырыпқа жазатын журналист күнделікті өмірдің жақсы ғылыми оқиғаға арқау болатынын есте сақтағаны дұрыс. Ол достарынан, отбасы, көршілерден, базарда кездескен адамдар немесе басқа да журналистерден естіген ақпарат болуы мүмкін. Күнделікті тұрмыстық мәселелер мысалы, балаларға арналған тамақ туралы айтқанда оны ана сүтімен қоректендірудің балаларға арналған тамақтардан ерекшелігі немесе балаларға қант, гидрогенделген майлар, ароматтандыру мен басқа да қоспалар қосылған тамақтардың қауіпсіздігі мен маңыздылығы туралы ескеру қажет. Кез келген мәселе халықтың күнделікті тұрмыс қажеттілігінен туындаған жағдайда журналистер жедел түрде ғылымды өз оқырмандары мен тыңдармандарының өмірімен байланыстыру тәсілі арқылы пайдаланады.

Журналистердің саяси немесе әлеуметтік мәселелерге байланысты қарама-қайшы көзқарастар немесе даулы мәселелерде ғылыми көзқарасқа жүгінетін кездері болуы мүмкін. Яғни ғылыми-зерттеулердің берілген есебі БАҚ-та жарияланатын ақпараттың маңызын арттыруы мүмкін. Сонымен қатар халықаралық қарым-қатынастардың күрделілігіне қарамастан, ғылыми-зерттеулер нәтижелері ортақ идея, іс-әрекетке шақыруы мүмкін. Мысалы, екі елдің арасындағы саяси қарама-қайшылыққа қарамастан Израиль мен Палестина ғалымдары арасында ғылыми-зерттеулердің нәтижелері бойынша әріптестік қалыптасқан.

Ғылым мен қоғамның мәдени және әлеуметтік салалары арасындағы интерфейс оқиға идеясын іздеу үшін маңызды болып табылады.

Журналистердің жаңа перспективаларды зерттеу арқылы тамыры тереңге кеткен нанымдарды жоққа шығаруы немесе соған байланысты күмән туғызуы мүмкін. Бұған мысал ғылыми негізі бар медицинаның дәстүрлі медицинамен өзара байланысы болуы мүмкін. Мысалы, ВИЧ инфекцияларын алғашқы діни құжаттарда табылған шөппен емдеуге байланысты туындаған даулар. Мақала авторы Тамер El-Maghraby балансты сақтау және ақиқатты анықтау үшін басқа да ғалымдардан сұқбат алады. Ол, сонымен қатар көзқарас тарапынан алғандағы зерттеудің шектеулері жайлы немесе басқа таңдаудың жоқтығы туралы ғылыми журналда жарияланған жарияланымды зерттеу арқылы тексергенін атап өтеді. Басқа бір мақаласында Кениядағы ВИЧ-ті дәстүрлі дәрілерді қолдану арқылы емдеуге қатысты қызығушылықтың артуын ғылыми стандарттарға сәйкес дәлелдеуге тырысқан. Бұл идеяның тарихына үңілсек Кения астанасы – Найроби қаласындағы болған шөппен емдеу медицинасы және денсаулық сақтау мәселелері туралы халықаралық конгрестегі пікір алмасу барысында шөппен емдеумен айналысып жүрген медицина саласындағы мамандар айтқан пікірлердің негізінде туындаған. Осы мақалада дін мен ғылымда өзара ұқсас идеялар бар екенін көрсетеді. Ғылым саласы туралы жазатын журналистер жаңа идеяларды көрсете алады, мысалы, ғибадат қылудың адамды емдеуге күші бар ма немесе бұл жай ғана биологиялық тұрғыдағы діни сенімдер ме?

Көптеген ғылым тақырыбында жазатын журналистердің Интернетке қол жетімділігі жоғары және электронды пошта арқылы тұрақты түрде баспасөз хабарламалары мен ғылыми жаңалықтар туралы жылдам ақпарат алып отырады. Оның қайсысын таңдау ол журналистің жеке стратегиясына байланысты. Әрине, кез келген журналист ондай жаңалықтарды өте танымал ақпарат көздерінен немесе онымен салыстырғанда танымалдығы төмен ақпарат көздерінен таба алады. Сонымен қатар тек электронды пошта ақпаратына сүйенуге болмайды, себебі ол тек бір ғана журналистке ғана емес басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына берілетін ақпарат. Оқиғаны басқа қырынан таныту үшін жергілікті дамып келе жатқан көзқараспен қарастырып көріңіз,

мысалы, шетелдерде ашылған ғылыми жаңалық туралы жергілікті ғалымның пікірін білу арқылы көрсетуге болады.

Сонымен қоса электронды поштамен алынған ақпаратты басқа да таяу уақытта болған ақпаратпен біріктірген пайдалы. Мәселен, электронды пошта арқылы жаңадан салынып жатқан геотермальдық электр станциясы туралы ақпарат жіберілсе, журналист басқа да ақпарат көздерінен ол жайлы толық ақпарат іздеуі қажет. Берілетін деректердің мерзіміне мұқият болу керек. Егер журналист келесі айда болатын баспасөз конференциясы немесе нәтижелері бір жылдан кейін белгілі болатын жаңа ғылыми зерттеулер туралы хабарландыру тапса, сол жайлы басқа да қосымша ақпараттарды осы кезден бастап, көрсетілген мерзімге дейін жинауға тарысу керек. Сол уақытқа дейінгі зерттеуде қолданылатын қосымша материалдарды даяр етіп қою қажет. Кез келген редактор тақырыптың өзекті кезінде зерттеулер жүргізген журналистерді қолдайды.

Журналист кәсібінің басты айырмашылығының бірі – олардың әлемге танымал атақты адамдармен тікелей әңгімелесуге мүмкіндіктерінің болуы. Басқа мамандық иелерінде мұндай мүмкіндік жоқ, сондықтан осындай мүмкіндікті неғұрлым дұрыс пайдалана алған дұрыс. Тәжірибеде қалыптасқан ереже бойынша тілші, тіпті ол ғылыми тілші болсын күніне үш адаммен танысуы керек. Ғалымдармен кездесу көпшілікке арналған баспасөз конференция, жабық мәжілістер секілді шараларда емес жеке кездесу барысында, яғни қоғамдық қарым-қатынаста қандай өзгеріс болып жатқаны туралы анықтауға болады.

Егер журналист ғалымды конференцияда, зертханада, егістікте немесе басқа да орындарда кездестірген жағдайда олар ақпарат құралдарымен әңгімелесуге әрдайым дайын болады. Кез келген сұқбатта олар кейбір ғылыми нәтижелердің көпшілікке жариялауға әлі ерте екенін айтуы мүмкін. Егер ғылыми зерттеудің алғашқы нәтижелері белгілі болса және оны ғалым қазір жариялау ерте деп есептесе оны кештеу жариялауға келісу керек.

Ғылым тақырыбына жазатын журналист ғалымдардың сеніміне кіріп, өзара дұрыс қарым-қатынас орнатуы маңызды және болашақта осы тақырып бойынша ғалымның БАҚ-қа басқа да нәтижелерді жариялауға дайын болған

кезде қайта оралуға келісу қажет. Ғалымдармен тығыз байланыста болу журналист үшін өте тиімді. Сонымен қатар ғылыми тақырыптарда жазатын журналистер үшін сұқбат өте қолайлы жанрлардың бірі. Бізде журналистер ғылыми жаңалықтар жайлы көп ақпарат ала бермейді, басты бір себеп, ғалымдардың ақпараттық қолдауға қаржысы болмауы мүмкін. Кейбіреулері шетелдік мекемелермен байланыстың жоқтығынан қиыншылық көруі мүмкін, өйткені соңғы кездегі ғылымдағы талаптардың бірі ғылыми-зерттеулер жайлы ақпараттың шетелдік басылымдарда жариялануы болып табылады. Журналист қосымша материалдарды іздеу барысында жергілікті деңгейде осы зерттеумен кім айналысып жүргені туралы ақпарат алады. Ғылыми жаңалықтарды табудың жолы көп. Мысалы, медициналық колледждерден, ауруханалардан және зерттеу институттарынан ақпараттар алуға болады. Конференциялар мен семинарлар жайлы жарнама ақпараттарға назар аудару қажет. Ұйымдастырушыларға журналист ретінде қатысатыны туралы алдын ала ескерткен жақсы, себебі, негізінен, олардың басым көпшілігі бұқаралық ақпарат құралдарының қатысқанын қалайды. Осылайша, сіз жаңа байланыстар орнатасыз және жаңалықтарды бересіз. Егер сізде ғылыми мекемелерде әңгімелесу болса, сонда істейтін басқа да бөлімдермен немесе ғалымдармен танысып, олардың зерттеу саласы жайлы көбірек білуге тырысу керек. Көптеген ғалымдар өздерінің жаңа бастаған жобалары туралы айтуы мүмкін, сондықтан осы жобаның жүзеге асуына қызығушылық танытып, болашақта да хабарласуға келісім жасаған дұрыс. Ғылым жайындағы тағы бір ақпарат көзі ол – интернет. Интернеттің іздеу жүйелері арқылы конференция бағдарламаларымен танысып, қаржылық мекемелермен, үкіметтік ведомстволармен, халықаралық зерттеу ұйымдарымен тақырып аясында туындаған сауалдар жайлы кеңестер алуға болады. Ғылыми ақпараттарды іздеуге интернетті пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар. Басқа ақпарат көздерімен салыстырғанда интернеттің басымдылығы ақпараттың жиі жаңартылуы және оны табу жылдамдығы мен қолжетімді ақпарат санына байланысты. Мәселен, егер журналист АҚШ-тағы медицина қызметкерінің жұмысы жайлы тереңірек білмек болса, интернеттің онлайндық деректер базасынан АҚШ Ұлттық медициналық

кітапханасының PubMed секілді сайты пайдалана алады. [Http://www.ncbi.nlm.nih.gov/entrez/query.fcgi?DB=pubmed]. Сонымен қатар әртүрлі ғалымдар зерттеулерінің ғылыми нәтижесіне сілтеме жасайтын және ғалым жайлы ақпарат, мамандану саласы туралы Google Scholar іздестіру жүйесін пайдалануға болады. Ағылшын тіліндегі ғылыми жаңалықтар мен олардың дамуы туралы сілтеме SciDev.Net сайтында беріледі. [Http://www.scidev.net/en/science-communication/links/]. SciDev.Net ғылыми коммуникациялық ресурстарға сілтеме: [Http://www.scidev.net/en/news/] SciDev.Net тегін пайдалануға болатын суреттерге сілтеме [Http://www.scidev.net/en/content/image-link-archive/]. Сондай-ақ интернетті пайдалануда бірнеше шектеулер бар екенін есте сақтау керек:

- интернеттен алынған ақпараттың шынайылығына әрдайым сенімділік таныта беруге келмейді. Сондықтан фактілерді бірнеше ақпарат көзінен тексерген дұрыс.

Әсіресе дамушы елдерде кез келген ғалым, ғылыми мекемелер немесе ғылыми қоғамдастық өз ресурсын немесе өзі жайлы ақпаратты интернет кеңістігіне орналастыруға мүмкіндігі жоқ. Интернеттен дамушы елдердегі ғылымның дамуы туралы ақпаратты

толық таба алмау, оларда ғылыми-зерттеу жоқ деген ұғымды білдірмесе керек. Алайда журналист әрдайым интернеттің жай ғана құрал екенін ұмытпағаны жөн және оған толықтай тәуелді болудан сақтану қажет. Өкінішке орай, журналистер көбінесе кеңседен шығып, университеттер мен зерттеу орталықтарында ғалымдармен кездесу секілді жергілікті ақпарат жинаудың басқа да тиімді әдістерін қолданудан бас тартады. Дамушы елдерде ғылыми-зерттеулер жайлы толық ақпарат беру үшін журналистердің интернетке қолжетімділік мүмкіндігі болмаған жағдайда жеке тәжірибеге сүйенуі керек.

Қорыта келгенде, ғылыми-танымдық тақырыптағы ақпараттардың шынайы ақпарат көзінен алынуы және оның қоғамға кері ықпалы болмауын анықтау маңызды.

Әдебиеттер

- 1 [Http://www.ncbi.nlm.nih.gov/entrez/query.fcgi?DB=pubmed].
- 2 [Http://www.scidev.net/en/science-communication/links/].
- 3 [Http://www.scidev.net/en/news/]
- 4 [Http://www.scidev.net/en/content/image-link-archive/].

К.Н. Мысаева

Основные проблемы выбора темы и определение источников информации научной журналистики

В статье рассматриваются особенности выбора темы и определение источников информации научной журналистики, которая используется для написания материалов на научные темы. Сегодня в информационном обществе научные информации играют важную роль, поэтому студенты должны знать специфику научной журналистики и популяризации научного знания, ее функции и типы аудитории.

Ключевые слова: научная журналистика, научный результат, научные информации, научные информационные источники, ученый, научно-познавательные публикации.

K.N. Myssayeva

The main problems of selecting a topic and retrieve information of the science journalism

In the article of K.N. Myssayeva "The main problems of selecting a topic and retrieve information of the science journalism" the particular features of selecting a topic and retrieve information science journalism, which is used for writing materials on scientific topics. Today, in the Information Society scientific information plays an important role, so students need to know the specifics of science journalism and the promotion of scientific knowledge, functions and types of audiences.

Keywords: scientific journalism, scientific result, scientific information, scientific information sources, scientist, scientific and informative publications.